

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ӨРКЕНДЕУ» ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖОБАСЫН  
ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНЕ ЕНДІРУДІҢ  
МАҢЫЗЫ МЕН ЖОЛДАРЫ**

**Қоңырбаева Сараш Сахиқызы**  
*Педагогика және білім беру менеджменті  
кафедрасының қауымд. проф., п.ғ.к.*

- **Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр.**

Н.Назарбаев. «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы

- Жас ұрпақтың бойына отбасылық құндылықтарды қалыптастыру мен дамытуға бағытталған «Өркендеу» жобасы – ғылыми-қолданбалы жоба ретінде бүгінгі Педагогика ғылымына және оның кеңістігі – білім беру саласына, оның ішінде жалпы білім беретін мектептерде жүзеге асыруға арналған құнды бастама.
- «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты, «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» РҚБ, Қоғамдық қор – «Алдаспан» батырлар қорының әзірлеп ұсынған «ӨРКЕНДЕУ» жобасының ғылыми кеңесші, авторларынан бастап, көптеген қоғам қайраткерлері осы мәселеге жанашырлық танытып әрі қолдап келеді

**Отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау, оларды жас ұрпақтың бойында қалыптастыру мен дамытуға барынша үлес қосу және осы бағытта қолжетімді ресурстарды мобилизациялауды көздейтін тәрбиелік жоба «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі» сияқты әлеуметтік институт саналатын халықтың тағылымдық мектептерін жандандыруды жоспарлайды.**

### **ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ**



Ұлттық тәрбиенің іргетасы – қазақ этнопедагогикасының теориялық және әдіснамалық негіздерін қалаушылар: **С.Қалиев, Ж.Наурызбай, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Қ.Бөлеев, т.б.**

**Я.А.Коменский** «Ана мектебі»

**В.А. Сухомлинский** «Ата-аналар педагогикасы», «Ұлыма хат»

**Г.Н.Волковтың** «Әже педагогикасы»

**О.Д. Мукаеваның** Әже қызметін тағайындауы

**М.Ю. Хуриева** «Ана мен әке тәрбиесі»

Отбасы тәрбиесінің кейбір мәселелеріне зерттеу жүргізіп, ғылыми-педагогикалық диссертациялардың тақырыбына арқау еткен **Ж.Сәкенов және Қ.Әтемова Қ.Сейсембаев, А.Жұмадуллаева, С.Қоңырбаева, Л.Ибраимова, И.Корнилко, т.б.** өз ғылыми еңбектерінде отбасы тәрбиесінің этнопедагогикалық проблемаларын қарастырды.

Отбасы тәрбиесінің кейбір қырларын халық тағылымдары арқылы мектеп оқушыларын тәрбиелеу мәселелерінде **А.Капенова, Ш.Шүйіншина, Л.Сырымбетова, Б.Өтешова, Ә.Сәдуақасов, Р.Айтжанова** және т.б. қарастырды.

Ұлттық тәрбиеге бағытталған тәрбие бағдарламасының бастауында тұрған З.Ахметованың «Кәусар бұлақ», М.Қ. Құрсабаевтың «Атамекен», Ж.Өтеевтің «Алтын көмбе», Ә.Сәдуақасұлының «Дәстүр» бағдарламалары еліміз егемендік алған тұста қазақ мектептерінің бағыт-бағдарын айқындауға негіз болды.

### **«Өркендеу» жобасының мәні мен мақсаты:**

Отбасылық ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мен дамытуға бағытталған «Өркендеу» жобасы бағдарламасындағы «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі» арқылы болашақ ата-аналарды қоғам мүшесі ретінде рухани жаңғыру мен «Қазақстан-2050» Стратегиясы талаптарын жүзеге асыруға жұмылдыру.

- жас ұрпаққа отбасы құндылықтарын ұлттық тәрбие мен озық білімді үйлестіре меңгерту;
- жас ұрпақтың бойына ұлттық тәрбиені сіңіре отырып, біліммен қаруландыру;
- жас ұрпақты тазалыққа, ұлт рухына дақ түсірмеуге, ата-бабалар аманаты – жер мен тілді сақтауға, озық салт-дәстүрлерді дамытуға баулу;
- жас ұрпақтың иманды, білімді болып өсуіне, ұлттық отбасылық құндылықтарды терең түсініп-талдап зерделеуге, жүзеге асыруға шабыттандыру.

# «Өркендеу» ұлттық тәрбие мектептерінің сынып деңгейіндегі жұмысы

## «Ата мектебі»

Жеті ата шежіресін үйретеді. «Әділ билер» кеңесі арқылы қоғамдағы озық салт-дәстүр мен имандылыққа жат әрекеттерге қатаң және шұғыл тыйым салады.

## «Әже мектебі»

Аналарға отбасының ұйтқысы екендігін түсіндіріп, әулеттік тәрбие береді. «Ақ әже» кеңесі баланы тек қазақ мектебінде оқыту насихатын жүргізіп, көздеген мақсатқа жұмылады.

## «Әке мектебі»

«Әке мектебі» бойынша балаларды ұл, қыз деп бөлмей көркем мінезді, білімді, жан-жақты ой-өрісі кең, елім, жерім дейтін отаншыл, иманы күшті адам етіп тәрбиелейді. Атқарылған жұмыстарды сыныптағы редакторға (сыныптағы қазақ тілі пәні мұғалімі) тапсырмалы.

## «Ана мектебі»

Әкені бала алдында Алатаудай биік етіп көрсетеді. Қызына ашық-шашық жүрмеуді, кісіге тіке қарамауды, қыдырмауды, албаты күлмеуді жалықпай айтады. Ісмерлікті, кісі сыйлап қонақ күтуді, астың бабын, дастарханның мәзірін үйретеді.

## «Өркендеу» жобасының ұлттық тәрбие мектептері

## «Аға мектебі»

Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу мақсатында мәжіліс залында қойылым көрсетеді. Үздік оқитын белсенді «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшесі үлгерімі төмен оқушылардың үй тапсырмаларын орындауына көмектеседі, бастауыш сынып оқушыларына жан-жақты ағалық көмегін көрсетеді.

## «Жеңге мектебі»

Жеңгесі қайын сіңлісін сырлас дос тұтып, болашақ өмірлік қосағын айқындауға, орнықты отбасын құруға пайдалы кеңестер береді. Келешекте бір әулеттің келіні болатынын ұғындырып, көркем мінезді болуға баулиды.



«Өркендеу» ұлттық тәрбие мектептерінің («Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі») мектеп бойынша жұмысын үйлестіруші белсенді 6 ата-аналармен бірлесіп кездесу өткізеді. Наурыз мерекесінде арнайы қойылым ұйымдастырады.

Сынып оқушыларына ұлттық тәрбие мен сапалы білім берілуін қадағалайды. Қазақ тілі, тарих, математика пәндері бойынша пән мұғалімдерінің мектепшілік білім сайысын және мектепаралық білім фестивалін өткізуін ұйымдастырады. Зерде бағытына басшылық жасайды. «Өркендеу» жобасын жүзеге асыруда озат атанған 7 параллель сыныптардың (4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 сыныптар) сынып жетекшілерімен тәжірибе алмасады.

«Өркендеу» жобасы бойынша атқарылған жұмыстарды, іс-тәжірибелерді сыныптағы редактор(сыныптағы қазақ тілі пәні мұғалімі) жинақтап, жеке кітапша етіп құрастырып мектеп бойынша жауапты редакторға (Қазақ тілі пәнінің мұғалімі) тапсырады.

**Сынып жетекшісінің сынып деңгейінде атқаратын жұмысы**

«Өркендеу» жобасының семинарын тәлімгермен, топбасшымен, ұлағбасымен бірлесіп «Жас Ұлан» бірінші балалар мен жасөспірімдер ұйымының 7 бағытына жауапты жасуаландықтарды сынып деңгейінде дайындайды. Жасуаландықтар қалалық семинарға қатысып, дайындаған мақалаларын оқиды, әр сынып өз жетістіктерін көрсетеді. Руханият бағытына басшылық жасайды.

Сыныптағы тәрбие сағаттары мен ашық сабақтарға «Өркендеу» ұлттық тәрбие мектептерінің («Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі») сынып деңгейіндегі үйлестірушілері қатысып, іс-жоспарын бірлесіп жүргізеді. Отбасы мүшелерін қатысуға шақырады.

- Осы Жобаны ендірген үш жылдың ішінде алғаш пилоттық жұмысты Нұр-Сұлтан қаласының №51 мектеп-гимназиясында, Алматы қаласында Қ.А. Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназиясында, М.О. Әуезов атындағы №128 жалпы білім беретін мектепте және Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы Қ.Орымбетов атындағы орта мектепте «ҰСТАЗ – ОҚУШЫ – АТА-АНА» үштік одағы құрылып, жүзеге асырылуда. Соңғы жылдары Нұр-Сұлтан қаласының тағы да 8 білім ошағында (№56, №79, №40, №67, №68, №52, №54, №64) «Өркендеу» жобасы бойынша тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды қолға алды.

- Жобаның республика көлемінде тарап, мектептерге толықтай енуі үшін, барынша насихатталғаны жөн. Бұл тек бастамашылардың және санаулы мектептердің ғана аясында қалмауы керек. Қуанатынымыз: пилоттық жобаға осы оқу жылында бірнеше балабақшалар кірісті. Алдағы оқу жылынан Нұр-Сұлтан қаласының барлық мектептері осы «Өркендеу» жобасымен жұмыс жүргізе бастайды.
- Қоғамның әр мүшесінің қайырлы іске үлес қосуға қақы бар. Олардың жан-жақты көмегі жұмылдырылса, тәрбие жұмысын мейлінше мазмұнды жоспарлауға болады. Алдағы уақытта мемлекет тарапынан Жобаны республика мектептеріне ендіруге қолдау жасалып, мектептегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға тағы да қосымша мүмкіндіктер қарастырса деген ұсыныс бар.